



РУХАНИЯТ

Қырғызда

Шекаралас жатқан айырқалпақты ағайын бәрінен хабардар. Тіпті көше сыпырушымен сөйлесе қалсаң, елдегі жағдайдан бастап, шетелдегі оқиғаны айтып береді. Таксиге міне, қалсаң, жүргізушісі саясатты соғады. Біздегідей «жауынның жауанын» Қытайдан көрмейді. Әрқайсысының қалыптасқан өзіндік жеке ой-пікірі бар. Мұндай сауатты қоғамның қалыптасуына не себеп болды деген сауал туындайды. Мұның жауабын Бішкекке барғанда тапқандай болдық.

газет көп

Эльвира КАРАЕВА,
«Супер-инфо» басылымының Бас редакторы:

«Қырғызстанда газет саны артып келеді. Олардың жаңа нөмірін үнемі қадағалап отырамыз. Бүгінде көпшілікке тарайтын қоғамдық газеттердің орташа таралымы 10-15 мыңның шамасында»

(Жалғасы 3-бетте)


ҚЫЗЫҚСТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ



(Жалғасы 2-бетте)

ТЫЛСЫМ

Жылда судың жыры



Алматыда жылда нөсерлетіп жауын жауады. Көшені су басады, тұрғын үй зақымданады. Биылғы жағдай одан да қиын болып тұр. Толассыз жауған жауынның кесірінен кей жерлерде тас жол опырылып, Алатау ауданында 100-ден астам үйді су басты. Ал Өжет ықшамауданында, тіпті бірнеше үй құлап қалды.

(Жалғасы 5-бетте)




УАҚЫТША
ЖУРНАЛИСТ

3



ЖЕР ЖҰМЫС
ІСТЕУІ КЕРЕК

4



АСЫҒЫҢ
АЛШЫСЫНАН
ТҮССІН!

8



БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)
48,35

DOLLAR
335

EURO
377

РУБЛЬ
5,12

ЕУРАЗИЯ ЖҮРЕГІНДЕ

ЖАҢА БАҒЫТ АЛМАТЫ – ТЕГЕРАН

30 маусымнан бастап Таяу Шығыстың жұмбаққа толы Иран еліне саяхат жасауға шақырамыз. Рейстер аптасына 3 рет «Эмбраер-190» әуекемесімен орындалады.

airastana.com

air astana



@ on the web

www.jasqazaq.kz
arda.com.kz

Билік



Халықпен тығыз жұмыс істеу керек

Бірлігі болмай, басынан бағы тайған талай елдің неше жылғы еңбегі зая кетті. Біз ондай қателікке жол бермеуіміз керек. Керісінше бірлігімізді бекемдеп, тәуелсіздігіміздің 25 жылдығында қандай жетістікке жеткенімізді паш етуіміз қажет. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев мемлекеттің 4 айдағы әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындысына арналған кеңесте осылай деп мәлімдеді.

Мемлекет басшысы «Еліміздің жетістігін бағалай білу қажет. Болашақ ұрпақ онымен мақтануға тиіс. Осы кезеңде бізге сырттан сынай карап отырғандар көп. Біз әлем алдында ұятқа қалмай, күрделі мәселені сындарлы сұхбатпен шеше алатынымызды паш ете білуіміз қажет. Алға қойған максатына жұмыла ұмтылатын ел екенімізді көрсетуіміз керек», — деп атап өтті. Алқалы жиынға мемлекеттік органдардың басшылары, облыстардың және Астана

мен Алматы қаласының әкімдері қатысты. Жиын барысында Мемлекет басшысы жер дауын да назардан тыс қалдырмады. Әлем алдында ұятқа қалмай, күрделі мәселені өзара келісіммен шешуге шақырды. Елбасы «жерге жаны аштитындар комиссияға келсін де, сонда мәселені айтсын», — деді. Одан бөлек Президент соңғы 4 айдағы елдің даму көрсеткішіне көңілі толмағанын жеткізді. Соңғы 6 жылда елімізде 900 кәсіпорын іске қосылғанымен, оның 21-і тұралап тұр. Тағы 13-і өнім шығарып үлгермей жатып, шатқаяқтай бастаған. Мемлекет басшысы әсіресе Ақтөбе мен Қостанай облыстарының көрсеткіші көңілден шықпай тұрғанын жеткізді. Президент Қостанай облысы әкімі Архимед Мұхамбетовті орнынан тұрғызып, индустриалдық жобаны жүзеге асыру үшін бөлінген 120 млрд теңгенің қайтарымын сұрады. Шенділерді шектен шықпай, өз ісіне жауапты болуды ескертті. Ақшаны тек қайтарымы бар жобаға салу керектігін айтты. Бар ақшаны игере алмай отырған облыс басшыларының ісіне қатты қынжылды. Қаржы министрі Бақыт Сұлтановтан да игерілмеген қаржы бойынша түсініктеме алды. Әкімдерді халықпен тығыз жұмыс істеуге шақырды. Мемлекет басшысы кейбір мемлекеттік қызметкерлер дұрыс

жұмыс істемейтіндіктен, халық өзіне керекті жауабын ала алмайтындығын айтты.

ӘЛЕУМЕТТІК САЛАДА ОҢ КӨРСЕТКІШ

Нұрсұлтан Назарбаев «Біз жұмыссыздықтың артуына жол бермей, оның деңгейін бұрынғы 5 пайыздың деңгейде сақтай алдық. Бюджет түсімдерінің қысқарғанына карамастан, мен мемлекеттің барлық әлеуметтік міндеттемелерін орындауға нақты тапсырма бердім. Халық тұрмысының төмендеуіне жол беруге болмайды. Бұл — барлық деңгейдегі мемлекеттік органдардың негізгі міндеті. Біз биыл бюджет саласы қызметкерлерінің жалақысын білім беру саласында — 29%-ға, денсаулық сақтау саласында — 28%-ға, өзге салаларда 40%-ға көтердік. Студенттердің шәкіртақысы, сондай-ақ мүгедектікке және асыраушысынан айырылуға байланысты жәрдемақы көлемі 25%-ға ұлғайды. Ынтымақты зейнетақы төлемдерінің көлемі 9%-ға көтерілді. Осының бәрі дағдарысқа қарсы уақтылы қабылданған шаралардың нәтижесі болып саналады, — деді.

(Өз тілшіміз)

Әлеумет.t⁰



Ауыл мен газет

Жер мен ауыл шаруашылығы — БАҚ пен әлеуметтік желі күнде қаужайтын «азыққа» айналды. Соңғысына қатысты айтылған пікір мен уәжде есеп жок. Арасында көкейге қонымды ұсыныс та бар. Десек те, «Бұл бұрын қалай ойға келмеген» — деп те айта алмайсың. Өйткені, қазақтілді газеттер соңғы 25 жылда жердің жайын, дикан мен шаруаны толғандырған түйткілді, ауыл шаруашылығының мүмкіндігін жазуын жазды-ақ. Жер комиссиясы басылымдарды шолып шықсын. Небір ұтымды ұсыныс келелі кеңес бар.

Осыдан бірер ай бұрын газетімізде Меркідегі (*Жамбыл облысы*) бір фермердің хатын жарияладық. 20 гектар жер алып, жеміс ағашын отырғызған дикан субсидия алу үшін 1 жыл 2 ай бойы құжат жинапты. Жұрттын бәрі ол кісідей шыдамды емес. Бір-екі рет табалдырық тосдырған соң қолын бір сілтеп кетеді.

Дикан мен малшыны, шаруа қожалығын қаржыландыратын арнайы банк болу керектігі жөнінде мәселе көтерген де қазақ газеттері. Құр сөзбен емес, Монғолия, Түркия, Голландиядағы озық тәжірибеден мысал келтірді. Емдік шөп пен гүл индустриясы қыруар табыс көзі екенін дәлелдеп жазды. Дәйек ретінде Қытай мен Голландияны алға тартты. Қысқасы, ауыл шаруашылығының әлеуеті мұнай мен газдан титтей кем емес екеніне назар аударды. Өкінішке қарай, біздің үкіметтегілер, әкімдер мұндай дүниеге селт етпейді. Министрліктер мен әкімдіктер БАҚ-пен жұмысты баспасөз қызметіне ысыра салған. Оның үстіне соңғы жылдары

акпарат саясатына деген көзқарас дұрыс болмай келді. Мүлдем басқа салаларға қосакталып, журналистиканың шоқтығы бұрынғыдай биік емес. Енді, міне, өзінің дербес мекемесі құрылды. Медианың бүгінгі мен беталысын жетік білетін, ең бастысы, акпарат құралдарымен қоян-қолтық жұмыс істей алатынын дәлелдеп үлгерген Дәурен Абаев министрлік тізгінін ұсталады. Жаңа министр жүрісі шабанап қалған журналистиканы алға сүйрейді, қатары сиреп қалған қазақ газеттеріне қамқор болады деген сеніміміз мол.

Газет демекші, жуырда литвалық әріптестермен тілдестік. Әлгілердің бірі шаруаларға арналған салалық газетті басқарады екен. Басылым кеңес заманынан бері шығып келеді. Оқырманы қалың көпшілік. Жан-жақты жаулап алған интернет те тықсыра алмапты өзің. «Нарықтың қыспағынан қалай жабылып қалмады?» — деп сұрадық. «Еуроодақ (*Литва осы одақтың мүшесі*) ауыл шаруашылығын жан-жақты қолдайды, қомақты субсидия береді. Соның шапағаты біздің газетімізге де тиіп отыр» — дейді Балтык өлкесіндегі әріптесіміз Стасис. Мұны естігенде сонау 20-шы жылдары жарық көрген «Ауыл тілі» мен бертініректе біраз санын көзіміз көрген «Дала дидары» газеттері есімізге түсті.



Срайыл СМАЙЫЛ

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

150

қытай азаматы елімізде заңсыз жұмыс істеген

965

мың адам еліміздің азаматтығын алды

2,3

млрд теңге. Бұл Астанадағы Пантеон құрылысының алғашқы кезеңіне бөлінетін қаражат

Сөз-жебе

Жансейіт СӘРСЕНҚҰЛОВ,
Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің мүшесі:

«Өткен жылы бюджеттен бөлінген 459,2 млрд теңге тиімсіз жұмсалған. Салыққа салақ қарағандардың кесірінен түсім көрсеткіші төмендеді. «Саламатты Қазақстан» бағдарламасын тексерудің қорытындысы бойынша 65,8 млрд теңгеге қатысты заңбұзушылық дерегі анықталды. Дебиторлық берешек 36,6 млрд теңгеге ұлғайып, 206,6 млрд теңгені құрады»

Гүлмира ИСІМБАЕВА,
Мәжіліс төрағасының орынбасары:

«Мәселен, тұрғын үй құрылысына бөлінген 39 млрд теңгенің 1 миллиарды игерілмеген. Шенеуіңіктердің кесірінен қаншама адам пәтерсіз жүр. Бұған қоса, 7 мектеп пен 7 аурухана салынбай қалған»

Бақыт СҰЛТАНОВ,
Қаржы министрі:

«Толық игерілмеген және тиімсіз игерілген қаржы туралы дерек болса, соған жол берген әкімшілік қызметшілері жазаланады»



Қызықстан қызықтары

САЛЫҚ ТӨЛЕМЕЙТІН ӘНШІЛЕР

Бүркіт

180 млн теңге

Жылдық табысы

Асхат Тарғын

172 млн теңге

Жылдық табысы

Әлішер Кәрімов

135 млн теңге

Жылдық табысы

Ділнәз Ахмадиева

108 млн теңге

Жылдық табысы

Бахтияр Мәмедов
(Jah Kalib)

90 млн теңге

Жылдық табысы

Серік Ибрагимов

54 млн теңге

Жылдық табысы

Жанар Дұғалова

45 млн теңге

Жылдық табысы

САЛЫҚ ТӨЛЕМІ

0

теңге

Дереккөзі: Алматы қалалық Мемлекеттік кіріс департаменті

Аптаның алаңы

Жамбыл АХМЕТБЕКОВ,
Мәжіліс депутаты:

«Желілік маркетингтің жұмысы дамыған сайын, қарапайым халық зардап шегуде. Оның 2 жыл бұрын тыйым салынған қаржылық пирамидалан еш айырмашылығы жок. Бұл жұртты алдап, арбаудан құралған бизнес. Егер, тұрғындарды алаяқтардың құрсауынан шұғыл құтқармасақ, әлеуметтік толқуларға соқтыруы мүмкін»

Дулат ӘБІШ,
ОҚО мәслихат депутаты:

«Біздің қалада (*Шымкентте*) полиция полковнигінің, тіпті екі депутаттың саунасы бар. Біз ол туралы айтпаймыз. Қарапайым қазақ қыздары ауылдан келеді. Олардың ата-анасы «қызымыз оқып жүр, пәтер жалдап тұрады», — деп ойлайды. Ал қыздар болса, сауна жағалап жүр. Мұндайды тоқтату керек. Біз Астанадан комиссия келсе, оларды саунаға қыздарға апарамыз»

ratel.kz

Ұзын құрық

Австрияда ұсталды

Үлескерлердің ақшасын жымқырып, шетел асқан тағы бір алаяқ Австрияда ұсталды. Бұрынғы Мәжіліс депутаты, «Азбука жилья» құрылыс компаниясының басшысы Еркәнат Тайжанов астаналық 4 мыңнан астам үлескердің 27 млрд теңгесін қалтасына басқан. Алаяқты елге қайтару үшін Бас прокуратура Австрия билігіне өтініш жолдамақ. Алайда екі ел арасында қылмыскерді қайтару жөнінде келісім болмағандықтан, бұл мәселе қиынға соққалы тұр.

ҚОҒАМ



3

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.kz

Соңғы оқиғалар елімізде ақпараттық идеологияны қажет екенін дәлелдеді. Әйтпесе әр азамат әлеуметтік желі арқылы көргенін, естігенін «жұта» береді. Отандық идеология болмаса, сырттан әркім өзінің мүддесін, ықпалын тықпалай береді. Бір жақсысы, біраз уақыт өткізіп барып, Ақпарат және коммуникация министрлігі құрылды. Бұдан былай ақпарат кеңістігіміз қандай болуы керек? Ол өзгенің идеологиясына қаншалықты төтеп бере алады? Бұл сауалдардың жауабын сарапшылар мен мамандардан білдік.

БАЛАМА АҚПАРАТҚА МӘН БЕРЕЙІК

Әуесбайдың ҚАНАТЫ, журналист-публицист: Қазіргі еліміздің ақпарат кеңістігі етегі түрілген қыздың кейпін елестеді. Астары тым ауыр сөз, білемін. Бірақ әрдайым жұрттың назарында болғасын сыны толастамайтын саланы сөз еткенде шорт кесіп, шұғыл шешім қабылдайтындай-ақ жағдайға жеткеніміз әлдеқашан. Ақпараттық кеңістігіміз дегенде ең алдымен қала тұрғындарының дені қалыңды телетаратуға жалғанғаны еске түседі. Қосып қалсаңыз, отызға жетер-жетпес отандық телеарнадан өзгесі тек шетелдік, көпшілігі ресейлік телеарналармен сусындап жатқан көрермен бар. Мұндағы көтерілетін мәселе, өзге елдің масс медиасын шөміштен қысып, «тырқыратып қуып шығуды» сөз етіп отырғанымыз жоқ. Оларды бастапқыда кіргізіп алған



соң, шығару, тіпті де қиын екенін іштей аңғарамыз. Әрі ол екі елдің стратегиялық қарым-қатынасына кері ықпал ететін қажетсіз шара екені де айтпаса да түсінікті. Басты мәселе, көрші елдің үгіт-насихатына балама ретінде Батыстың, нақтырағы Американың, Еуропаның ағылшын тіліндегі ақпарат құралдарының негізгілерін кеңістігімізге енгізу. Сонымен Ақпарат және коммуникация министрлігіне менің маман ретіндегі ойрай келген ұсынысым мынадай: Батыстық телеарналарға елімізде ағылшынша таратуға молынан рұқсат беру. Батыстық ақпарат құралдары біздің елімізге көбіне орыс тілінде тәржімаланып беріледі. Бұл өз тарабында ақпараттың көрерменге жеткенше қанша дегенмен, бұрмаланып кетуіне себепкер. Демек, елімізге тарайтын CNN, BBC, Aljazeera, Skypnews телеарналарынан бөлек, сала бойынша бөлінген танымдық телеарналарды ағылшын тілінде енгізуді қажет санаймын. Осылайша, біз бір жағынан бүгінде көп айтылатын үш тұғырлы тіл саясатын дамытуға жол ашамыз. Өйткені, ағылшын тіліндегі ақпаратқа құлақ үйреткен жұрт кейінірек оны ептеп түсіне де бастайды, ізінше сөйлей де бастайды. Ал ең бастысы, ағылшын тіліндегі бұл телеарналар елімізге көршілес Ресейдің ақпараттық саясатына бәсекелес, тым жақсы альтернатива болар еді.

(Басы I-бетте)

Қырғызда газет журнал қат емес. Біздегідей көше-көшені кезіп іздеп жүрмейсің. Газет дүңгіршектерінде іздегенің жіпке ілініп, тізбектеліп тұрады. Қалағаныңды аласың. Бауырлас қырғыз елінің экономикалық жағдайы мәз болмаса да, осынша газеттің әлі күнге жарық көретіні қызықтырды. Көрші елдегі әріптестерге жұмысы туралы айтып беруді сұрадық. Олар қуана-қуана келісті. Бұл елде мемлекет тарапынан тек екі ресми басылымға ғана қолдау көрсетіледі. Онда да биліктің имиджін қалыптастыру, шенеунікті жақсы жағынан таныту деген сарындағы материалдар емес, үкіметтің ресми құжаттарын ғана жариялап отырады. Мерзімді басылым аз емес. Бір ғана Бішкектің өзіндегі дүңгіршектерден 20-дан астам қызылды-жасылды, мұқабасы әсем безендірілген газеттерді байқауға болады. Ал әр облыс орталығында өздерінің шағын газеттері тағы бар. Саяси тақырыпты көңінен қозғайтын газеттердің орташа таралымы 5 мыңның ар жақ, бер жағы. Әріптестердің айтуынша, ондай басылымдарда жартысынан астамының ақысы төленген. Тапсырыспен жазылатын дүниелер болса керек. Дегенмен, көзі қарақты оқырман ненің не екенін аңғара біледі. Мемлекеттен біздің елдегідей қолдау болмаған соң, қырғыз басылымдары жарнама үшін жанталасып, оқырманмен тығыз байланыс орнатуға мүдделі. Бұл, әрине, саясаттан ауылы алыс дегенді білдірмейді. Мейлінше кейбір ауқымды тақырыптарды қамтуға да тырысады. Көрші елдегі жетекші «Супер-инфо» басылымының бас редакторы Эльвира Караева «Меніңше, БАҚ билік тарапынан қаржыландырылмауы керек. Шынайы бәсекелестік болмайды. Қырғызстанда газет саны артып келеді. Олардың жаңа нөмірін үнемі қадағалап отырамыз. Бүгінде көпшілікке тарайтын қоғамдық газеттердің орташа таралымы 10-15 мыңның шамасында», – дейді. Эльвираның бұл басылымға келгеніне көп бола қоймаған. Бұрын еларалық газеттерде тәжірибесі бар. Құрылтайшысы таралымы 100 мыңнан асатын «Супер-инфо» газетін оған сеніп тапсырған. Бас редактор елде пошта қызметінің құрып бара жатқанын айтты. Сондықтан жеке таратушылармен жұмыс істеуге көшкен. Бішкектен шалғай ауылдарға газетті жеткізу үшін таксистердің көмегіне жүгінеді. «Барлық саланы қамтуға тырысамыз. Әсіресе, ауыл тұрғындарына қызықты тақырыптарға қалам тербеу керектігін үнемі естен шығармауға тырысамыз, – дейді ол. Он шақты жыл бұрын Қырғызстанда негізінен, орыстілді

басылымдардың таралымы жоғары болатын. Биліктің қолдауынсыз, мұғалімдер мен дәрігерлерді, мемлекеттік қызметкер атаулыны мәжбүрлеп, газет-журналға жаздырмай-ақ, мықты басылым жасау керектігін қырғыз тілшілері дәлелдеп шыққандай. Медиа нарықта ресейлік франшизалар да жоқ емес. Дегенмен, Кремльдің саясатын Қазақстанда жүргізіп отырған «Аргументы и факты», «Московский Комсомолец» сынды газеттермен салыстырғанда, қырғызстандық қосымшаларда сол елді қамтитын материалдардың үлесі басым. Алайда халқының дені қырғыз тілінде сөйлейтін болған соң, франшизалардың жағдайы аса керемет тәрізді. «Супер-инфо» басылымының ізінше, елде ондаған газет жарық көріп келеді. Бір қарағанда, барлығының мұқабасы, макеті бірдей көрінеді. Дегенмен, оқырман үшін, жарнама үшін, газеттің сапасы мен безендірілуі үшін шын бәсекелестік сезіледі. Елімізде соңғы жылдары үкімет тарапынан миллиардтаған қаражат бөлінеді. Оның қай БАҚ-қа, қандай лотпен үлестірілетіні туралы аз айтылмайды. Оның шынайы журналистикаға кері әсері туралы мінберлерде жиі сөз болады. «Сондықтан, мемлекеттік тапсырыс атаулыны доғару керек» деген ұсыныс бар. Есесіне, шынайы бәсекелестік қалыптасар еді. Қай БАҚ болса да, басқаша қимылдар еді. Қырғыз ағайындарда да басылымдары жабылған жоқ қой...

Асқар АҚТІЛЕУ,
Ақтөбе – Бішкек – Алматы



Өз шаруамызды өзіміз шешеміз

таласқа түсуі қазақстандық саясатқа тән емес еді. Біздің саясаттын, әрине, өз жолы бар, топтарға, лагерьлерге бөліну бар болғанымен, «біздің адамдар» мен «дұшпандарға» бөліну жок, баррикадалық ой, «окопта жатып соғысу» деген атымен жок. Ал бұл материал біздің қоғамдағы жер дауын «жаһандық қарсы тұру» елегі арқылы,

Facebook парақшасынан



Тақырыпқа орай

«Жаңа ғана бір жас журналист келді. Жұмыс іздеп. «3 айға жұмысқа алсаныз болды, сосын басқа мақсат бар» дейді. Не мақсат десем, «шетелге оқуға кетемін» дейді. Жарайды, онда интернет журналистің жұмысы туралы не білесін айтшы десем... Әйтеуір. Онда мына материалды аударып, жаңалық жазшы десем...

Уақытша журналист



Ербол АЗАНБЕК,
журналист:

оқуы керек десем. Адамды жылды қылуға мастерсіздер иә, — дейді. АҚШ-қа не үшін бара жатсын десем, білім алуға дейді. Енді ол жақтың да беретіні сол емес пе? АҚШ-та басын ашып, еңбексіз-ақ керегін ішіне құйып беретін аппарат бар сияқты. Алдымен журналистиканың ішіне кір, тәжірибе жина, сосын АҚШ-қа барғанда мынаны үйренемін деген нақты мақсатпен бар десем, жатып кеп ренжіді. Ойларыңыз пайдалану, көмектессеніз қайтеді дейді. Көмегім жоңағы. Мен саған үйретемін. Үйретемін дегенде қасында ежіктеп отырмаймын. Бағыт беремін, өзін тауып, құрап, жамап-жаскап, үйренесін, кейбір нәрсені бірге үйренеміз. Саған білім, тәжірибе. Маған контент. Менің жобам дамды, сен өзін дамисын. Менің жобам ертен жабылуы мүмкін. Бірақ сенің тәжірибең өмір бойы қалады десем, түсінбеді. Ренжіп кетті. Саған жұмыс емес 3 айға демеуші керек деп мен қалдым. Жалпы, баршаға белгілі нәрсе бар ғой. Мақсат, шыдамдылық, тұрақтылық, іздену, ұқыптылықтың жеткізер жері жетістік. Айтайын дегенім, жаңағы жігіт сияқты талай адам келеді. Бәрі уақытша жүрген адамдар. Не істеу керегін айтсаң, шошып кетеді. Айтпай алып та көрдім. Менің де, өзінің де уақытына, менің қалтам мен жүйкеім шығын келтіргеннен басқа жетістік жоқ.

Таразы

Ерлан ҚАРИН,
Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының директоры:

Елдегі оқиғаларға «Еуразия бірінші арнасының» баға беруін көпшілік қабылдай алмады. Біреулері мұндай арзан дүниені эфирге қалай берді десе, өзгелері тапсырыс орындауға кіріскен әріптестерінің қылығына уялуға мәжбүр екенін жасырмады. Бұл жағдайда ақпараттық саясаттын мазмұны мәселесі деген бар. Неге бұл материалды көпшілік қабылдамады? Өйткені, «Еуразия бірінші арнасының» материалында лебі сезілген антагонизм — тараптардың





Біздің сұхбат

— Жерді жалға беру, жекеменшіктің пайдалануына беру деген мәселе әлемдік тәжірибеде қалай шешілген?

— Әлемдік тәжірибеде жерді сату немесе жалға беру деген түсінік бар. Бүкіл Еуропа елдері, АҚШ және басқа да дамыған елдердің бәрінде жерді шетелдіктерге де, өз азаматтарына да жалға береді немесе жекеменшікке сатып береді. Еуропа кеңесінің құрамындағы 47 мемлекет, Еуроодаққа кіретін 28 мемлекеттің бәрінде осындай норма бар. Мысалы, Германия мен Францияда шаруалардың отбасына 99 жылға дейін жалға береді. Швецияда ауыл шаруашылығы жерлерінің 43%, Италияда 25% жекеменшіктің қолында. Еуропаның

Өткен аптада Астанада жер реформасы жөніндегі комиссияның алғашқы отырысы өтті. 75 адамнан құралған жиында әрқайсысы сөз алып, ойын жеткізді. Ертең екінші отырысы өтеді деп күтілуде. Осыған орай комиссияның мүшесі, Еуропалық құқық және адам құқы жөніндегі институттың директоры Марат Башимовпен сұхбаттасқан болатынбыз.

көру керек қой. Менің ойымша, иесіз игерілмей тозып жатқан жердің де обалы бар. «Судын да сұрауы бар» деген ғой. Олай болса, жатқан жердің де сұрауы болуы мүмкін. Жалпы, жер босқа жатпауы керек. Ел игілігіне жұмыс істеуі қажет.

— Бірінші отырыста, жерді отандастарымызға белгілі бір мөлшермен тегін таратып беру керек. Сонда ел оның



кешпесімізге кепілдік бар ма? Жалға алып, ақысын төлеп отырған жерін игермей бекер тастап қойса, тегін берген жерді игере ме? Әлде ол да бекерге тозып кете ме? Тегін келген жерге кім қарағысы келеді дейсің? Бұл да ойлануды қажет етеді. Мейлі, тіпті біздің халық жалқау

Игерілсе, егістік бітік

Оқшау ой

Рахым ОРАЗАЛИЕВ,
академик, Жер реформасы жөніндегі комиссияның мүшесі:



«Жер туралы заңды 1994 жылы жаздық. Егемендік алғаннан кейін жеріміз өзімізде болған соң, Заң керек болды. Мен осы заңның авторларының бірімін. Сол кезде алдыңғы қатарлы елдер, мысалы, Испания, Канада, Жапония, Скандинавия мемлекеттерінің заңдарымен танысып, зерделедік. Шетелдік тәжірибені өзіміздің ерекшеліктерімізге бейімдеп, заңды әзірледік. Қазір бұл заң жұмыс істеп жатыр. 2010, 2012, 2015 жылдары аздаған өзгерістер енгізілді. Заң бойынша жерді әр қазақтың сатып алуына құқығы бар. Заңның 300-ге жуық бабы бар. Қандай адамның сатып алуға құқығы бар, кім жалға алады, қанша жылға, жерді қалай пайдалануы керек? Осының бәрі әр бапта жазылған. Мен бидайдың 125 сұрпын шығардым. Бұл сұрыптар Тәжікстан, Түрікменстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Ауғанстан, Пәкістан, Ресей, Украинада себіледі. Өзбектер менің сұрыптарымнан орта есеппен 53 центнер өнім алады. Ал біз 13 центнер ғана аламыз. Күздік бидайдан 2,5-3 тонна жинаймыз. Ал біздің бидайымыздың өнімділігін 8-10 тоннаға жеткізуге болады. Мен қазір бір шаруашылықта кеңесшімін. Бұрын бұл шаруашылық орташа есеппен дәнді дақылдан 8 центнер ғана алады екен. Қазір бұл көрсеткішті әр гектардан 60 центнерге жеткіздік. Кейбір суармалы жерде әрбір гектардан 8,5 мың тонна бидай жинап жүр. Мінеки, бүкіл ел бойынша осындай нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік бар. Яғни біз жерді күтпейміз, сөйтіп, оның өнімділігін де тиісінше пайдалана алмай отырмыз. Жерді дұрыс пайдалану керек. Бізге жерді сүйетін, жерге қаржы салатын, жігері бар адамдар қажет. Қазақстанның әр азаматының жерді сатып алуға, болмаса жалға алуға құқығы бар. Мысалы, 49 жылға жалға алып, сол жерді өңдеп, баптап, сонда жұмыс істеп, осы уақыттың ішінде ақша жинап, оны сатып алуға толық мүмкіндік бар. Сол жерді меншігіне алып, ұрпағына қалдырады. Сатып аламын деген біздің азаматтарымызға 50% жеңілдік жасалмақшы. Жердің иесі болса, ақша салады. Химиялық емес, органикалық тыңайтқыш пайдаланады, ешқандай гербицид сеппейді. Ең бірінші, топырақтың құнарын, қара шірігін көздің қарашығындай сақтау қажет. Сонда өніміміз де, жеріміз де жақсы болады. Егісіміз бітік, шөбіміз шүйгін болады. Жалпы, бұл реформа, бір емес бірнеше мәселені шешеді. Әлгі жұмыс іздеп қалаға қашып кеткен балалар далаға қайтады. Ауылда жұмыс орындары ашылады. Жеріміз құлпырып, өнім береді. Бұның бәрі айналып келгенде, елдің экономикасына жұмыс істейді.



Марат БАШИМОВ:

Жер жұмыс істеуі керек

өзге елдерінде де жағдай сондай. Олар ең бірінші кезекте жердің қожайынын іздейді. Жер бос жатпауы керек, ол елдің экономикасына жұмыс істеуі керек деп есептейді. Алғашқы отырыста осы уақытқа дейін, қаншама миллиондаған гектар жердің қараусыз қалып, құрай өсіп, тозып бара жатқаны айтылды. Жалпы, осы әңгіменің қозғалуына себеп болып отырған «шетелдіктерге жалға берсек қайтеді?» деген мәселе. Бұған қатысты елдің қаупін де түсінуге болады. Өйткені, расында жер шетелдіктердің меншігіне өтіп кетіп, кейін айырылып қаламыз ба дейді ғой. Бұны мен бір жағынан түсінем. Ол өте керек нәрсе. Бірақ ол жер тектен-текке тозып, ешқандай өңдеу көрмей, иесіз қанырап жататын болса, оның кімге пайдасы бар? Қайта сол жерді я жалға беру, я меншікке беру арқылы пайдасын

игілігін көреді деген де ұсыныс айтылды. Бұған қалай қарайсыз?

— Иә, көптеген ұсыныстың бірі — бұл. Бізде халық саны аз, жер көп. Оған дау жоқ! Бұл ұсыныстың авторы «жерді тегін таратып берсек, ел өз күнін өзі көреді, жерді игеріп пайда табады», — деп отыр. Солай-ақ болсын. Оған да келісуге болады. Алайда осы жиында Ауыл шаруашылығы министрі Аскар Мырзахметов қаншама миллиондаған гектар жердің игерілмей жатқанын айтты. Соңғы 10-15 жылда бірнеше мыңдаған гектар жерді біреулердің алып, оны игермей, құры бос, тозырып жібергенінен нақты мысалдар келтірді. Олар осы жерді жалға алған. Ал егер ертең бәлен гектар жерді біреуге тегін таратып беретін болсақ, дәл осы күйді

емес, бәрі бірдей шаруақор деген күннің өзінде жер жеткілікті.

— Жалпы, Жер туралы кодекстегі дау тудырып отырған нормаларға қатысты өзіңіздің заңгер ретіндегі пікіріңіз қандай?

— Менің ойымша, Жер туралы кодексті жалпы қайта талқылауға енгізу керек. Өйткені, даулы мәселе көп бұл жерде. Соның ішінде бүгінде қоғамда үлкен резонанс тудырып отырған Жерді жалға беруге қатысты айтар болсам... Жана бір фермермен біраз сөйлестім. Ол кісінің біраз жері бар. Өзі алма өсірумен айналысады. «Сіз қанша жылда алма өсіресіз, неше уақытта оның жемісін көресіз?» деп сұрадым. «Он жыл өсірем. Содан кейін ғана ол жеміс береді», дейді. Он жыл өсірді, бағып-қақты, дәрiledі, қажетті минералдарын берді, енді өнім алады. Тағы бес жылда ол өзінің шыққан шығынын ақтасын делік. Арада 15 жыл кетті. Енді сол жерге төккен тері үшін, ол пайда табуы керек. Сөйтіп, тағы бес жылын өзіне пайда табуға жіберейік. Сонда пайда табу үшін кемінде 20 жыл уақыт керек екен. Бір ескеретін мәселе, біздің жерімізді Еуропа, Украина, Белоруссияның жерімен салыстыруға келмейді. Олардың жері құнарлы, табиғи солай, қара топырақ. Ал біздің жеріміздің көпшілігі тастак келеді. Көбіне сауармалы емес, жазық дала. Құнарлылығы да аздау. Бұны да ескеру керек. Міне, осы тұрғыдан келгенде, заңнамадағы кейбір нормаларды қайта қарау керек, қайта талқыға салу керек дегенге мен келісемін.

Сұхбаттасқан
Дәулетхан ЖИЕНҚҰЛОВ



Ескерту

Әсіресе бөгде тұлғалардың электр тораптық ғимарат аумағында жүруіне, электр тораптарын өз бетінше ауыстырып қосуына тыйым салынады. Электр құрылғылары қоршалған есіктерді ашуға және бөеттер мен қоршауларға кіруге болмайды.

Салбырап тұрған, сондай-ақ үзілген, жерге түскен сымдарды байқаған жағдайда, бұл туралы мамандарға бірден хабарласу керек. Жерге түскен сымның айналасын 8-10 метр радиуста қоршап, апаттық бригада келгенге дейін күзет қойып, ешкімді жақындатпау қажет. Сонымен қатар балалардың да қауіпсіздігіне баса назар аударған жөн.

Электр тоғымен жарақаттану қаупі туралы балаларға жүйелі түрде ескертіп отыру қажет. Ережелерге сай, бұл электр құрылғыларда электр қауіпсіздігі бойынша сақтандыру белгілері және тиісті плакаттар ілінді.

Электр жүйесін қолдануда үйде, жұмыс орнында, тіпті көше де қауіпсіздік шараларын сақтаған жөн. Осыған орай қауіпсіздік шараларының толық нұсқасын «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ның ресми сайтынан таныса аласыздар.

«АЖК» АҚ Сенімділікті бақылау және енбек қорғау басқармасы

Электр қауіпсіздігін сақтайық!

Электр қуатының адам өмірі үшін қаншалықты маңызды екені айтпаса да түсінікті. Алайда кей уақыттары электр қуатын пайдалануда қауіпсіздік шарасын естен шығарып аламыз. Осы орайда «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ тұрғындарға электр құрылғыларын дұрыс пайдалану ережесін ұсынады.



Жоба

Қайырымдылық жобаларды жүзеге асыру мақсатында қоғамдық ұйымдар іріктеуден өтеді. Бұл «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры компаниясының тобындағы «SAMRUK-KAZYNA TRUST» әлеуметтік жобаларды дамыту қорының бастамасымен жүзеге асырылады.

Байқаудың негізгі мақсаты — әлеуметтік және медициналық бағытты қамту, мәдени қауымдастықпен адам әлеуетін дамыту, еңбек қатынасын нығайту, өңірлерді және бизнес бастамаларды қолдау бағыты бойынша жүргізіледі. Өтініш пен құжаттың толық жиынтығы Астана қаласы, Қонаев көшесі, 8, блок В, 3257 офис мекенжайы бойынша беріледі. Өтініш беру уақыты 31 мамыр мен 13 маусым аралығы. Байқауға қатысу ережесі және қосымша ақпаратпен www.sk-trust.kz, www.skz.kz сайтынан таныса аласыз. Сонымен қатар мекеменің байланыс орталығына хабарласуға болады.

«Самұрық-Қазына» байқау жариялады



Ең үздік қоғамдық ұйымға қаржылай көмек ұсынылып, қайырымдылық жобаларымен әкімшілік жұмыстарын жүргізуге қолдау көрсетіледі. Айта кетейік, «Samruk-Kazyna Trust» — еліміздегі көкейкесті және әлеуметтік маңызды мәселелерді шешуге бағытталған қайырымдылық және әлеуметтік маңызды жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асыратын «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры компаниясының тобындағы әлеуметтік жобаларды дамыту қоры.



Бұған дейін де мәлімдегеніміздей, өрт салдарынан біраз пәтер бүлінген. Оның жетеуі күрделі жөндеуді қажет ететін еді. Қазіргі таңда жөндеу жұмысы жүргізіліп жатыр. Алғашқыда жөндеу екі апта ішінде толық бітелі деп жоспарланған болатын. Бірақ жұмыс жүргізіп жатқан құрылыс компаниясының өкілдері жөндеудің айтылып отырған мерзім ішінде біте қоятынына күмәнді. Қазіргі таңда өрт салдарынан әжептәуір бүлінген «Корова бар» кафесі мен мейрамханасы, сонымен бірге «Юбилейныйге» жапсарласа салынған нысандар толықтай сүрілген. Алматы қаласы әкімінің ресми өкілі, Алмалы ауданы әкімінің орынбасары Ермек Бейсеуовтің айтуынша, көпқабатты

өрт қауіпсіздігі бойынша қадағалау мен профилактикалық қызмет басқармасының басшысы Мұрат Бекбаевты да кездестірдім. Ол әлі тергеу амалдарының жүргізіліп жатқанын айтып, қосымша ақпарат беруден бас тартты.

«Аурудың алдын алу керек» деп жатады. «Қамдансаң — қапы қалмайсың» деп те айтады. «Апат айтпай келеді» деген және бар. Тізе беретін болсақ, тек осындай жағдайдың өзіне байланысты ғана талай-талай ақыл-нақыл сөздер бар екен. Сонда

Біз неге осы кеш қимылдаймыз? Үй құлап, өрт шалып, көшені су басқан соң қозғала бастаймыз. Алматының «Юбилейный» супермаркетінде болған өрт даңғазасы біразға шапты. Біреу алай деді, біреу былай деді — қалай деген күнде де тағы да қаланың қақ ортасында қып-қызыл өрт болды. Оның себебі мен салдарын әркім әрсаққа жүгіртіп те жатыр. Рас, болжам көп, бірақ өрттің нақты неден шыққанын ешкім білмейді. Қалалық төтенше жағдай мамандарының айтуына жүгінсек, өрттің шығуына электр желісінің кінәраты кінәлі.

Қазақстан жастарының үндеуі

Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстанның алдына әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіру міндетін қойды. Біз бұған білім беру жүйесіндегі түбегейлі өзгерістерсіз қалай қол жеткіземіз? Қазіргі таңда халықаралық ағылшын тілін білудің маңыздылығын түсіну үшін министр немесе ғалым болу керек емес. Мұны Қазақстанның әр жас азаматы түсінеді! Үш тілді білудің келешекке жол ашатыны да түсінікті. Болашақта Қазақстанды жаңа буын дамытады, сондықтан, ертең әлемнің алдыңғы қатарлы, заманауи жастарымен бір деңгейде болу үшін бүгінде біз нені, қалай үйренетінімізге немқұрайды қарай алмаймыз!

Егер кімде-кім Білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасының жас ойшылдар мен өрендерге емес, бізді тәрбиелеп, оқытатындарға арналған деп ойласа — қателеседі. Ең әуелі бұл бізге қатысты және жастарға талай жаңа жол ашады. Көптеген елдерде жастар бірнеше халықаралық тілдерді біледі, онда неге біз үшін ағылшын тілін менгеру — танғажайып, іске асырылмайтын тапсырма? Жоқ, олай емес, біз бәсекеге қабілетті, әлемдік кеңістікте өзін еркін таныта алатындай деңгейде болғымыз келеді. Қазақстан жастары биік белестерді бағындыруға лайын, бірақ ол үшін үлкен өзгерістер қажет — біз өз тарапымыздан мұндай өзгерістерге дайынбыз!

Президент Н.Назарбаев еліміздің жастарына, басқа ешбір елде басшысы жасай алмаған жағдайды жасап, оларға қолдау көрсетіп отыр. «Болашақ» бағдарламасы — әлемде теңдесі жоқ бірегей бағдарлама. Бүгін біздің үндеуімізге «Болашақ» бағдарламасы бойынша әлемнің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарында оқитын жастар қосылуда: «Туған жерімізден жырақта жүріп, біз қазақ тілінің маңызын жете түсінеміз, оны дамытудың қажеттігін түсінеміз. Жаңа ғасырдағы мемлекетке бірнеше тілді меңгерген білікті, белсенді кадрлар қажет. Ертең ел ырысын еселеу үшін, біз бүгін жоғары сапалы білімді шетелде алуамыз. Біз үш тілде білім беру жүйесін енгізу бастамасын қолдаймыз, өйткені, шетелде оқу кезінде ағылшын тілінің аса қажет екенін сезінеміз. Қазіргі әлемдегі табысты, заманауи адамның ең қажет қасиеттерінің бірі — халықаралық тілді білу. Халықаралық «Болашақ» бағдарламасы — елімізді ілгерлетудің қозғаушы күші. Бағдарлама келешекте ғылымдағы, технологиядағы халықаралық трендерді Қазақстанда қолдану үшін біздің жастарға әлемдегі озық университеттерде білім алуға зор мүмкіндік жасап отыр».

Бүгінде шетелге шығуға, үздік білім алуға мүмкіндік беретін әртүрлі халықаралық бағдарламалар бар. Көбінесе сол бағдарламаларға қатысуға кедергі болатын фактор — ағылшын тілін жетік білмеу. Қазақ тілін және орыс тілін дамыту үшін біздің қоғамымызда жағдай бар, осы тілдерді менгеру дағдысын бұл ортада қолдана аламыз. Алайда халықаралық тілде сөйлесу практикасы осы уақытқа дейін бізде болған жоқ, үш тілде білім беру жүйесін енгізу ағылшын тілін менгеріп, практикада толық қолдануға мүмкіндік туғызады. Өйткені, тілді тек ағылшын тілі сабағында қолдану — бір басқа, ал сол тілде химия, биология, физика пәндерін оқу — мүлдем басқа. Халықаралық тілді әлемдегі замандастарымыздың білу дейгейіне жеткізудің басқа жолы жоқ. Бұл бағдарламаның әділдігі жаңа сапалы білім ауылағы оқушыларға да, қаладағы оқушыларға да бірдей қолжетімділігінде.

Сонымен қатар енгізілетін басқа өзгерістерді де жағымды жанадықтар деп қабылдаймыз, өйткені, олар уақыт талабына сай. Жастарды отбасы құндылықтарынан, өз түп-тамырынан алшақтады деп айыптаса, бізге үйде болуға, ата-анамызбен, ата-әжелерімізбен араласуға көбірек уақыт беріңіз. Бес күндік оқу аптасына көшу осындай мүмкіндік туғызады. Біз жас болсақ та, өмірге өзгерістер енгізудің онай емес екенін толық



түсінеміз. Әрине, өзгеріссіз, үйреншікті өмір сүру әлдеқайда жеңіл. Жолымызда қандай қиындықтар кездессе де, олар тәуелсіздік алған кезіміздегі біз жеткен қиыншылықтармен салыстыруға келмейді. Жұмыла жұмыс жасасак, біз мықты, өзіне нық сенімді, бәсекеге қабілетті Қазақстанды қалыптастыруға жаңа жетістіктерге жете аламыз. Қазақстанның барлық жастары «Болашақ» бағдарламасының стипендиаттарындай болса, еліміз болашаққа қарышты қадам басады. Біз болашаққа кәміл сенеміз!

Бүгінде, 2016 жылғы 14 мамыр күні, үндеуге қол қойғандар:

Қазақстан жастарының конгресінің төрағасы — Айдын Сәбитов (15 000 адам), «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының республикалық штабының төрағасы — Рахат Хамидуллин (750 адам), Қазақстан Республикасы Президентінің халықаралық «Болашақ» стипендиясы стипендиаттарының қауымдастығы, Атқарушы директор міндетін орындаушы — Азамат Әбдібекулы Божасов (250 адам), «Жас Ұлан» Біріккен балалар мен жасөспірімдер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы — Динара Сәдуақасова (2000 адам), Қазақстанның неміс жастары кеңесінің төрағасы — Рубен Бахман (2000 адам), Жастар іскерлік кеңесінің төрағасы — Қайырболат Сахметов (500 адам), «Қазақстан студенттерінің альянсы» төрағасы — Мержан Әбілқас (1500 адам), «Павлодар Альянс» франчайз орталығы төрағасы — Дмитрий Корепанов (500 адам), Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Жастар істері жөніндегі комитет төрағасы — Руслан Тезекбаев (70 адам), Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті ЖІК төрағасы — Алтынбек Бисенов (95 адам), Халықаралық бизнес университеті Жастар саясаты орталығының жетекшісі — Диана Оспанова (210 адам), Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті ЖІК төрайымы Әсем Асқарбаева — (50 адам), Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, ЖІК төрағасы — Рустам Бузязов (80 адам), С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті ЖІК төрағасы — Шыңғысхан Кабдықалықов (60 адам), О.Жауітқов атындағы РФММ Мектеп кеңесі президенті — Асқар Серікханов (250 адам).

тұрғын үй ғимаратының солтүстік жағына жапсарласа салынған нысандар да толықтай сүріледі екен. Қатты бүлініп, күрделі жөндеуді талап ететін пәтер тұрғындары қазіргі уақытта туған-туыстарын паналауда. Бір отбасы «ҚазЖол» қонақүйіне орналасқан.

ҮЙ МҮЛДЕ САҚТАНДЫРЫЛМАҒАН

Өрттен кейінгі жөндеу жұмысының даңғаза дауы басыла бастады. Десек те, кешеден бері осынау мәселенің тағы бір кілтипаны мен қисынсыз дақпырты аяқ астынан бүрк ете қалды. Бұл — өрт кесірінен пәтері бүлінген үй тұрғыны өтемақы алуы мүмкін деген мәселе.

«Жас қазаққа» «Еуразия» сактандыру компаниясынан мәлім болғаны, жеті қабатты үйдегі бүлінген пәтер иелері өтемақы ала алмайды. Өйткені, осынау зәулім үйдегі бірде-бір пәтер сактандырылмаған. Сондықтан, өрттен келген шығынды ешкім орнына қойып бермейді. Соңғы жылдары ел азаматтарына төленіп жатқан сактандыру өтемақысының көбісі табиғат апатынан зарлап шеккендерге қатысты, — дейді аталған компанияның атқарушы директоры Шәкір Иминов, — осы жерде тағы бір айта кетерлігі, біздің азаматтарымыз, неге екені белгісіз, апатты жағдайдан келген зиян мен шығын орнын толтыру үшін үнемі мемлекетке аузын ашады. «Мемлекет бірдене береді. Мемлекет шығынымыздың орнын толтырып, бұзылған дүниемізді жөндейді» — деп дәмеленеді. Рас, табиғат апатынан келген шығынды мемлекетіміз әзірге өз қалтасынан төлеп жатыр. Ал бұл, өз кезегінде, азаматтарымыздың сактандыру механизмімен дұрыс жұмыс жасау қабілетін қалыптастыруды белгілі бір дәрежеде кейінге шегереді. Мысалы, айталық, «Юбилейныйда» болған өрт салдарынан бүлінген пәтерлер өз уақытында сактандырылған болса, онда оларға жалпылама алғанда, шамамен 150-200 миллион тенге көлемінде сактандыру сомасы төленетін еді.

САСҚАЛАҚТАП ЖҮРІП, БӘРІН ҰМЫТЫПТЫ

Осы аптаның сейсенбісінде «Юбилейный» жаққа тағы барып қайттым. Жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Өрт қатты шалған пәтерлерді араладым. Төртінші қабатқа көтерілгенімде алдымнан осы үйдің тұрғыны шықты. Өзін Айжан Құдайбергенова деп таныстырған тұрғын даурығып жүріп, не ақшаны, не құжатты алмағанын айтты. Жуырда ғана жөндеу жұмыстарын жасап, дүние мүлкін ауыстырған екен. «Соның бәрі босқа кетті», — деп отыр. Осы жерден Алматы қаласы бойынша төтенше жағдай департаменті

дейміз-ау, Алматы сияқты әсем қаланың жүріс-тұрысы мен күндізгі-түнгі демалысын кірпік қақпай қадағалап отыруға тиісті ресми орган басшыларының осы нақылдың бірін де білмегені ме? Білсе — мұндай жағдай жиі орын алмас еді ғой?! «Юбилейныйдегі» өрттен кейін Алматы басшылығы аздап қозғалайын деген іспетті. Алдағы уақытта тұрғын үйге жапсарлас салынған кез келген кафе, мейрамхана-асхана сияқты қызмет көрсету орындары түгелдей сүрілетін болыпты. Бұл шешімді өртке дейін қабылдауға болмас пе еді?

АЛ ОСЫ КЕЗДЕ...

Алматыда жылда нөсерлетіп жауын жауады. Көшені су басады, тұрғын үй зақымданады. Биылғы жағдай одан да қиын болып тұр. Толассыз жауған жауынның кесірінен кей жерлерде тас жол опырылып, Алатау ауданында 100-ден астам үйді су басты. Ал Өжет ықшамауданында, тіпті бірнеше үй құлап қалды. Алматы қаласы табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының бөлім басшысы Даурен Нұрдіулетов арық желісі тек көк шалғынды суаруға арналғанын айтып ақталды. Енді атқамінерлер арық желісін кеңейтуге кіріседі. Себебі осы уақытқа дейін мұндай жағдай орын алған жоқ. Қазірдің өзінде 15 шақырымдық арық арнасын жөндеу мақсатында 400 млн тенге



Сынған ағаш, қираған көлік

Алматы қаласының тұрғындарын толассыз жауған жаңбыр ғана емес құлаған ағаштар да әбiгерге салуда.

Көлшік суды кешіп жүрген жұрт енді құлаған талдарды айналып өтуге мәжбүр. Мынбаев көшесінде ағаш Kia Rio автокөлігін басып қалса, Виноградов және Мұратбаев көшелерінің қиылысында тағы бір ағаш Opel Astra көлігінің үстіне құлаған.





Серпін

Екі жасында анасынан айырылған Эльмира Смағұлова тағдыр тауқыметін көп көріпті. Бірақ қайсар қыз мойымаған, өмірдің бұралан бұлттарысына қарсы тұрып, өз жолын адаспай тауыпты. Бәрін өзі жасап үйренген ол жана пәтерде өзі жалғыз тұратынын айтады. Тұрмысқа жайлы үйге ие болу мүмкіндігі шектеулі адамның өмір сүру қалпына да қолайлы болады.

Эльмира СМАҒҰЛОВА:

— «Ерлік» мүгедектер қоғамында инватакси қызметі бойынша диспетчер болып жұмыс істеймін. Үй кезегінде тұрғаным 8 жыл болды. Енді, міне, көптен күткен қуанышқа да қолым жетті. Баспаналы болдым. Мұның барлығы мемлекеттің мүмкіндігі шектеулі жандарға қолдауы. Сондықтан, ел ағаларына айтар алғысым шексіз.

Жұырда тізесіне эндопротез салып, балдақпен тұрған екі балалы жалғызбасты ананың қуанышында да шек жоқ.

Талдықорғанда жылдар бойы пәтер кезегінде тұрған жандар қоныс тойын тойлады. Пәтер кілтін тапсыру рәсіміне Алматы облысының әкімі Амандық Баталов өзі қатысып, тұрғындардың қуанышымен бөлісті. Қаланың Батыс шағынауданында (7 шағынауданы) салынған 60 пәтерлі коммуналдық екі тұрғын үй баспанаға мұқтаж жандарға берілді. Оның қатарында мүмкіндігі шектеулі адамдар, толық емес отбасылары мен Чернобыль ардагерлері де бар.



миллион 723 мың 220 теңгені құраған. Бір бөлмелі — 28, екі бөлмелі — 32 пәтерден тұратын ғимарат тік төртбұрышты пішінде салынған. Жоғары

жолдаманы 607 адамға берген. Облыстық тұрғын үй комиссиясының шешімімен төлем қабілеті бар 382 отбасы «Асыл арман» арқылы баспаналы болған. Сондай-ақ облыста халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарын да тұрғын үймен қамту мәселесі онтайлы шешімін тауып жатыр. 2015 жылы облыстық бюджеттен 660,9 миллион теңге бөлініп, «Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар» санатындағы азаматтарға 100 пәтер (*Жамбыл, Іле, Қарасай және Талғар аудандары*) сатып алынған. 2015 жылғы аудан және қалалардың жергілікті атқарушы

Баспаналы болу – ЖАҚСЫ ӨМІРДІҢ БАСЫ



Жанат ИМАМҚЫЗЫ:

— Үй алғаным әне қуаныштымын. Әлі сенбей тұрмын... Шынында да, бұл арманымыз орындалды ма?! Сене алар емеспін. Он екі жыл бойы пәтерге мұқтаж азаматтардың кезегінде тұрдым. Ескі жатақхананы,

бір кемпірдің үйін паналадық, пәтер жаладап есіміз шықты. Сегіз жыл бұрын жол апатына ұшырап, осындай халге түстім. Бірақ жақында ғана ота жасатып, тіземе эндопротез салдырттым. Қиналғанда әрдайым жанымнан табылатын қос ұлым бар. Соған шүкіршілік етіп, сабыр қылдым. Быыл үлкен ұлым 27-де, кіші ұлым — 23 жаста.

Көркіне ақылы сай Дәрия қыз да баспаналы болды. Арманы асқақ адамның болашағы да жарқын болатыны сөзсіз. Дәрия — Қазақ-Британ университетінің студенті.

Дәрия ӘБДІРАХМАНОВА:

— Алты жасымда ата-анамнан айырылдым. Әжемнің тәрбиесінде өстім. Әжем әкем мен анамның орнын жоққатпады. Жастайымнан білмге құштар болдым. Білімді мыңды жығатынын жақсы түсінемін. Қазір Қазақ-Британ университетінің химиялық инженерия факультетінде оқимын. Мамандығым — органикалық заттардың химиялық технологиясы, университетті бітіргенде химик-инженер, химик-технолог боламын. Бұл мамандыққа түскендегі мақсатым — отанымыздың мұнай саласын дамыту, мұнайдың химиясын жандандыру болатын. Сүйікті мамандығымның қыр-сырын меңгеріп жатырмын. Енді, міне, үйім де бар. Өте қуаныштымын.

Екі бала тәрбиелеп, өсіріп отырған Күлән Жинакова болса пәтер жалдап тұрудың машақатын көп көргенін айтады. Баспаналы болу — уайымнан арылуға мүмкіндік алу деп біледі ол.

Күлән ЖИНАКОВА:

— Он екі жыл кезекте тұрдым. Балаларыммен бірге пәтерден пәтерге көшіп-қону жалғызбасты ана үшін өте қиын. Осы күнге дейін талай пәтер ауыстырдық. Оның барлығы берекенді алады. «Осы айда пәтерақыны қалай төлеймін, балаларымның тамағына ақшам жете ме» деген уайым жанымды қоярға жер таптыртпайтын. Сондықтан, баспаналы болу мен үшін уайымнан да арылуға мүмкіндік берді. Қуанышым қойным ға сыймай тұр. Ел ағаларына аса үлкен алғысымды білдіремін. Енді, көшіп-қонып берекеміз қашпайды. «Өз үйім — өлең төсегім» деген осы екен.

Кілт табыстау салтанатында өңір басшысы Амандық Баталов Талдықорған қаласының күн санап көркейіп жатқанын, жаңа ғимараттар салынып қала жанара түскенін тілге тиек етіп, мұның барлығы ұрпақ болашағы, ел қамы үшін жасалған игілік екенін атап өтті. Сондай-ақ облыс әкімі шаһарда «Салтанат сарайы», драма театр ғимаратының құрылыс жұмыстары жүргізіліп жатқанын, Жастарға қызмет көрсету орталығы мен Оқушылар сарайының құрылысы аяқталғанын, «Жастар» саябағы пайдалануға берілгенін айтты. Жақын арада саябақта 92 метрлік биіктікте мемлекеттік ту ілінетінін де мәлімдеді. Бұл игіліктің барлығы Елбасының жүргізіп отырған саликалы саясатының нәтижесі деп сипаттады өңір басшысы.

Амандық БАТАЛОВ, Алматы облысының әкімі:

— Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың халыққа Жолдауы, «100 нақты қадам» Ұлт жоспары негізінде қолжетімді тұрғын үй мәселесі өңірімізде жыл санап шешімін тауып келеді. Бұл — мемлекет басшысының халықты тұрғын үймен қамтамасыз етудегі көреген саясатының жемісі. Міне, бүгін 120 отбасы баспаналы болады. Баспаналарыңыз құтты болсын! Шаңырақ шаттыққа, жаңауа бақытқа кенелсін!

60 пәтерден тұратын екі тұрғын үй «Өңірлерді дамыту 2020» бағдарламасының аясында салынып отыр. Құрылыстың жалпы құны 397



қабатқа апаратын баспалдақ жағы әйнекпен қапталғандықтан өте жарық. «Арлан-Жоба құрылыс» серіктестігінің жобасымен тұрғын үйдің құрылысын «Люмен Электро II» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жүргізген.

Талдықорған қаласында тұрғындарды баспанамен қамту жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Былтыр тек жетім балаларға арналып 60 пәтерлі тұрғын үй пайдалануға берілген. Биылғы жылдың басынан бері бес тұрғын үйде қоныс тойы аталып өтсе, жыл соңына дейін тағы үшеуі беріледі деп жоспарланған. Жалпы, Талдықорған қаласы бойынша 12 мың тұрғын үй кезегінде тұр.

«Өңірлерді дамыту-2020» бағдарламасы және «Нұрлы жол» инфрақұрылымын дамыту бағдарламасы аясында облыс бойынша 2016 жылы 240 пәтерлі 4 тұрғын үй пайдалануға беріледі деп жоспарланып отыр.

Алматы облыстық Энергетика және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық басқармасының мәліметі бойынша, Алматы облысында коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғынжайлар немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж ретінде есепте тұрған азаматтардың саны — 31 736 адам. Бір жылдың ішінде мұқтаж азаматтардың саны 6 мың адамға ұлғайған.

Алматы облысы бойынша 2015 жылы мұқтаж азаматтарға мемлекеттік тұрғын үй қорынан 894 пәтер берілген болса, ал биылғы жылы 94 отбасы баспанамен қамтылған.

органдарымен бұрын тұрғын үймен қамтамасыз етілмеген және тұрғын үймен қамтамасыз етуге мұқтаж 73 екінші дүниежүзілік соғыстың қатысушылары мен мүгедектерінің есімдері ұсынылған. Осы мақсатта жергілікті бюджеттен 69 пәтер (*үйі*) сатып алуға 415,2 миллион теңге (2014 жылы — 138,0 млн теңге 25 пәтерге және 2015 жылы — 277,2 млн теңге 44 пәтерге) бөлінген, сондай-ақ Талдықорған қаласының әкімдігімен 10 пәтерді жана салынып жатқан үйден беру жоспарланған екен.

Баспаналы болу — басым жұрттың «бас ауруы». Сондықтан да мемлекет халыққа тиімді баспана алу жағдайын әр түрлі бағдарламалар негізінде қарастырған. «Қолжетімді баспана 2020» мемлекеттік бағдарламасы баспаналы болудың бірнеше бағытын алға тартады. Бірінші бағыты «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» арқылы тұрғын үйге ие болу, «Жас отбасы» бағыты бойынша баспаналы болған азаматтар тұрғын үйді жалға алу арқылы қол жеткізе алады. «Қолжетімді баспана 2020» бағдарламасының ең тиімді, ең ыңғайлы жолы осы бағыт. Өйткені, мұнда тұрғын үйге ие болу үшін алдын ала қаражат жинау міндетті емес. Яғни баспанаға иелік еткеннен кейін де ай сайын салым ретінде тұрғын үй құнын өтеуге болады. Ал коммуналдық үй — ешқандай жалгерлік күн төлеуді талап етпейтін, мемлекеттен басыбайлу орналасатын.

Шынарғүл ОНАШБАЙ,

Алматы облысы

Үш ақпарат

Алғашқы жәрмеңке

Алматы қаласы маңында азық-түлік белдеуін дамыту бағдарламасы шеңберінде «Астана» алаңында жәрмеңке өтті.

Оған Алматы облысының 16 аудан, 3 қала, «ЖетісуАгросауда» мен «Алматы» ауыл шаруашылығы өндіріс кооперативтері қатысты. Биылғы жылдың алғашқы кеңейтілген ауыл шаруашылығы жәрмеңкесіне, 170 тонна сапалы, экологиялық таза ауыл шаруашылығы өнімі әкелінді. Қала тұрғындарына жалпы

сомасы 111,2 миллион теңге болатын ауыл шаруашылығы тауарының 50-ге тарта түрі ұсынылды. Оның ішінде 44,3 тонна ет өнімдері, 4,1 тонна балық еті, 13,9 тонна сүт және сүт өнімдері, 38,1 тонна картоп, 38,2 тонна көкөніс, 9,9 тонна алма мен жеміс-жидектер, сол сияқты бал, күріш, ұн, жұмыртқа, бакалея және басқа да өнім түрлері саудаға шығарылды.



Әкім мен бала алаңда



Талдықорған қаласының орталық стадионында «Жетісу» кәсіби футбол командасы жасөспірімдерден құралған «Жетісу Болашақ» футбол командасына қарсы ойнады.

«Болашақ» командасының сапында Алматы облысының әкімі Амандық Баталов та бар. Ойынның негізгі уақыты 7:7 есебімен аяқталды. 11 метрлік соққыға жүгінген қос команданың арасынан қақпаны дәл көздеген «Болашақ» командасының мерейі үстем болды.

Ойын соңында өңір басшысы әр жастағы жас спортшыларға 1000-нан астам футбол формалары мен 160 доп сыйлады.

Балалар да облыс әкімі Амандық Ғаббасұлына өңір басшысының тегі жазылған №7-ші футбол формасы мен жүздеген баланың қолтанбасы қойылған футбол добын сыйға тартты.

Жағалау жаңартылуда

Туризм саласын дамыту үшін тәжірибесі мол инвестор тарту қажет. Бұл Елбасының «100 нақты қадамы» Ұлт жоспары аясында нақты айтылып, көрсетілген.

Осыған орай, Алакөлдегі демалыс орны жана талаптарға сай жаңартылуда. Алматы облысының көрнекті демалыс

Қонақүй барлық экологиялық талапқа сай болмақ. Мәселен, демалыс кешені қалдықтарды қайта өңдейтін заманауи қондырғы орнатты. 95 пайыз тазартылып



орындарының бірі — Алакөл жағалауы биылғы маусымға ерекше дайындық үстінде. Мұнда бір мезетте 450 адамды қабылдай алатын ағаштан жасалған 147 үй салынды.

шыққан су тамшылату әдісімен ауладағы гүлзарлар мен ағаштарды суаруға қолданылады. Демалыс кешеніне 300 миллион доллар көлемінде инвестиция тартылды.

Жолсапар

Жақында Каспий асып, көршілес Әзірбайжанға бардық. Бауырлас елге велоспорт жарысы – «Tour d'Azerbaidjan -2016» көпкүндігі аясында жол тартқан едік. Түркі тілдес ағайындар туралы, шынын айтайық, білгеніміз де көп емес. Сол себептен бір аптаға созылған турдан алған әсеріміз жетерлік...

ЖИҢАНКЕЗ



7

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Әзірбайжан әсері

кара» деген әзірбайжандықтардың мақалы осындайда еріксіз еске түседі.

ИСМАИЛЛЫ, ГАБАЛА, ШЕМАХЫ...

Исмаиллы қала және әкімшілік орталық болып саналады. Қала халқы 20 мыңнан ғана асады. Ал ауылдарында шамамен

мекен. Шаңғы, сноубордпен осында ғана айналысуға болады. Шемахыдан өтіп, Пиргулу ауылына тоқтайтын болдық. Жұрт бау-бақшаны таудың үстіне де егіп тастаған. «Үй бақшаның ішінде, бақша таудың үстінде» деген мақалды жиі айтады осындағы жұрт. Көпкүндіктің төртінші турының мәресі сол мекенде. Пиргулу теңіз деңгейінен 1400 метр биіктікте орналасқан. Тауларының бірінде обсерватория бар. 1970 жылдары салынған екен. Пиргулу шағын ауыл болғанымен заманауи ғимараттарымен ерекшеленеді. Жергілікті халық велошабандоздар жеткенше көрме ұйымдастырып жіберді. Неше түрлі колөнер шеберлерінің қолынан шыққан кілемтоқығыш құрал, ат-әбзелі, тоқыма, қыш құмыраға қарап қызығып жүрміз. Жарыстың төртінші

немесе

казактар сияқты өте бауырмал келеді. «Казак бауырларымыз» деп алақандарына салып, аялап күтіп жүр. Хош, келесі күні велотур басталды. «Мемлекет байрағы» деп аталатын жана алаңнан бастау алған көпкүндік «Баку – Сумгаит» бағытымен өрбіді. Аталған алаңда «Eurovision -2012» музыкалық жобасы өткен. Жергілікті жұрт сонысымен де мақтанады. Пелетоннан ұзап, Сұмғайытқа бір сағат бұрын жетіп алдық. Қала халық саны жөнінен Бакуден кейін екінші тұр. 300 мыңға жуық халық тұрады. Қаланың көркі көз тартып тұр. Жасыл желек жамылған орындары да көп. Жинақы. Сәулетті ғимараттары жетерлік екен. Мәреде велошабандоздарды күтіп тұрғанымызда, жергілікті жұртпен сөйлескіміз келді. Бағымызға орай, Ибрахим Илиясұлы есімді ел ағасы киіміміздегі «Kazakhstan» деген жазуды оқып қалып, өзі келді. Сөйтсек, ақын екен. Сұмғайыт шаһарының поэзия клубының директоры болып қызмет жасайды. Астанада қонақ ретінде келіп, қала келбетіне тәнті болғанын айтып, «Елбасыларыңыз — екінші Ататүрік» деп, құрметін білдіріп жатыр. Ибрахим Илиясұлы Мұхтар Шахановтың және басқа да қаламгерлердің кітабын әзірбайжан тіліне аударған болып шықты. «Сол себепті мен Қазақстанды екінші Отаным деп айта аламын» деп жылы жымиды. Біздің де ішіміз жылып қалды. «Жазушыға қарама, жазғанына

Баку әуежайынан түсе, аспанмен таласқан зәулім ғимараттар мен заманауи сәулет үлгісімен салынған құрылыс нысандары көзімізге түсе берді. «Ел күші-сел күші» деп мақалдатын жергілікті халық, бірлік пен берекенің арқасында ел астанасын құлпыртып жіберген. Веложарыс басталардан бір күн бұрын ұйымдастырушылар қала ішін аралатты. Бір ерекше атап айта кетерлігі — бұл елде ана тілі ерекше қастерленеді. Көшеде, ғимаратта орыс, ағылшын тіліндегі жазуды көрмедік. Халық әзірбайжан тілінде ғана сөйлеседі. Қажет болған жағдайда ағылшын, орыс тілін білетіндер де жетерлік. Баку ескі және жаңа қала болып екіге бөлінеді. Көне қаланың әдемі көрінісіне қарап, танданысымызды жасыра алмадық. Жаңғыртылған қамал, шығыс стилінде тұрғызылған үйлер көрген жанның көңілін баурап алары сөзсіз. Әсіресе XII ғасырда салынған «Қыз мұнарасы». Әзірбайжан велоспорт федерациясының қызметкері Фариздің айтуынша, бұл мұнара Бакуды қорғау мақсатында арнайы тұрғызылған. Бізді

Пиргулу обсерваториясы



тасымалдап жүрген көлік жүргізушісі Руфулла есімді алпысты алқымдап қалған әзірбайжандық казак екенімізді естігенде, елең ете қалды. Бақсақ, кезінде ол Алматыда тұрған болып шықты. «Қазақстаным, казактарым» деп емірене сағынышын жеткізіп, қайтадан оралғысы келетінін айтты. «Ұлттық тағамдарыңызды сағындым» деп, қайта-қайта тамсана берді. Жол-жөнекей Бакудың өткені мен бүгіні туралы білгенімен бөлісті. Әзірбайжандықтар да



Ескі Баку

55 мың адам тұрады. Қала өте әдемі екен. Халықтың жүзінен ырысы тасыған, ынтымағы жарасқан екені көрініп тұр. Шағын қалада тамактану орындары, дүкен, тағы басқа халық игілігіне керекті орындарды өте көптігі көзге ұрып тұр. Кешке Габалаға жол тартып кеттік. Бұл қаланың табиғатынан көз тұнады. Базар-Юрт шатқалының төмен жағы мен Туфан тауының етегінде орналасқан қалада 13 мың адам мекендейді. Габаланы курортты, спорттық қала деп те атауға болады. Жуырда велосипед шығаратын зауыт іске қосылайын деп жатыр. Былтырғы маусымда Еуропа лигасында атой салған «Габала» футбол клубы да осында орналасқан. Сол алаңда әзірбайжандық журналистер мен басқа да шетелдік журналистер қосылып, футбол ойнады. Қаладағы Олимпиадаға даярлау орталықтары да көз тарттады. Екі күнді осында өткізіп, пелетонмен бірге «Габала-Пиргулу» бағытымен көне қала Шемахыға жеттік. Бұл қала өзінің кілем тоқитын шеберлерімен әйгілі. Табиғаты да ерекше. Күн сәулелі Әзірбайжандағы жалғыз қар көп жауатын

күні астаналық команданың көшбасшысы Никита Стальнов жалпы есепте екінші орынға көтеріліп, бір маркайтып тасталды. Сол күні Бакуге қайттық. Ертеңіне Бакудың өзіне бесінші актық тур өтетін болды. Жергілікті тұрғындар маусым айында өтетін Формула-1

Еуротурына дайындалып жатыр. Орталық көшелердің біріне таксидай тегіс жол төселіп, жарысқа қажетті тұрақ салынған. Жалпы, жергілікті халыққа қарап, тамсанасын. Ел имиджін, ұлт абыройын алдыңғы орынға қояды. Сол үшін талмай еңбектенеді.

Мадияр АРЫСТАНБАЕВ,
(Арнайы «Жас қазақ» үшін)
Алматы — Баку
— Алматы




Футбол

«Асық ойнаған азар, доп ойнаған тозар» деу бүгінде орынсыз. Алматыдағы Тимур Сегізбаев атындағы «Қайрат» футбол академиясында болғанымызда, жасөспірімдердің доп ойнағаннан тозып жүргенін байқамадық. Керісінше, футболға қызығушылық танытқан жас өрен үшін барлық жағдай қарастырылған. Халықаралық талапқа сай кеңседе үш ашық алаң бар. Сонымен қатар жылдың төрт мезгілінде де дайындалуға болатын жабық алаң да қарастырылған. Осыдан кейін тиісті деңгейде футбол ойнамай көр.



«Қайрат» клубының базасы

Кешеннің екінші қабатына көтерілдік. Екі оқу сыныбы, медициналық кабинет, балалардың дем алатын бөлмесі, компьютерлік ойын орталығы, клуб қызметкерлерінің кеңсесі, бапкерлер бөлмесі, киім ауыстыратын орын, асхана, жатын орын бөлмелері. Болашақ футболшылар тек футбол ойынымен ғана машықтанып қоймайды. Бос уақытында шахмат пен үстел теннисін ойнауға болады. Спорт кешеніне 8-13, 14-18 жас аралығындағы тәрбиеленушілер қабылданады. Әрқайсысы өз жасына сай топта жаттығады. Кешенге еліміздің түкпір-түкпірінен келген 150 оқушыға орын бар. Ерекше қабілетімен көзге түскен балалар, академияға қабылданып, тегін оқи алады. Академияға аудандық, облыстық, республика көлемінде жүргізілген жарыстарда көзге түскен



«Қайрат» футбол академиясы

жасқа дейінгі футболшылар бойынша (U-17) Әлем құрамасының сапына шақырылыпты. Сапарымыз «Қайрат» футбол клубының Бесағаш елді мекеніндегі оқу-жаттығу кешенінде жалғасты. Журналистерді қарсы алған «Қайрат» футбол клубының бақылаушы кеңсесінің төрағасы Қайрат Боранбаев кешеннің құрылысымен

таныстырды. Оның айтуынша, бұл ел футболының болашағы үшін жасалып жатыр. Сондай-ақ ол қазіргі таңда жас өрендерді



Асхана



Жаттығу залы

жасыл желек төселген. Базаның басты ерекшелігі *footbopaut* арнайы жаттығу құрылғысымен жабдықталуы. Құрылғы төрт қабырғамен қоршалған

Футболшы боламын десең...

қабылдау үшін 28 нұсқау қабылданып, футболшыларды тандау, еліміздің барлық өңірі бойынша жүргізіліп жатқанын атап өтті. 12 гектарды алып жатқан академия аумағында 5 ойын алаңы бар. Оның үшеуі табиғи жасыл желек болса, екеуіне жасанды

алаңнан тұрады. Тиісінше әр қабырға ұзындық бойынша тоғыз шаршыдан түзілетін екі қабатқа бөлінген. Алаң ортасына футболшы орналасатын шеңбер сызылған. Жаттығу басталмас бұрын футболшы сол шеңбер ортасына барып тұрады. Ары қарай құрылғы іске қосылып, компьютер төрт қабырғаның бірінен ойыншыға нас бергендей доп жібереді. Сол сәтте басқа бір бұрышта орналасқан шаршылардың біреуі жасыл түс болып жанады. Футболшы өзіне жіберілген допты қабылдап, жасыл түс жанған шаршыға белгілі бір уақытта салып үлгеруі тиіс. Жаттығу соңында салынған доп саңы мен жылдамдықты есептеп, ойыншының мүмкіндіктерін бағамдауға болады.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА



Асық ойнаудың бұрыннан қалған жолы бар. Сапар алдында қолы жеңіл балаға асық үйрететін жоралғы болған. Бұл сапардың жолашары сияқты ырым. Саканың алшы түсуі жақсылықтың нышаны. Сапардың сәтті болуы асықтың қалай түсуіне байланысты деп түсінген. Тіпті жаугершілік заманда күрмеуі қиын істі талқылағанда да асықты үйіріп, болжам жасайтын.

Асық қазактың ұлттық ойыны ғана емес, ұлттық ұғымы мен дәстүрімізге сіңісіп кеткен. Асық ойынының екі түрі болады. Оны күндіз де, түнде де ойнауға болады. Күндізгісі баланы мергендікке үйретсе, түндегісі баланы ептілікке үйретеді. Міне, осы асықтың енді бүк, шік, тәйке деген және құмар, омпы деген түрлері болады. Сонын ішіндегі құмар деген ойынның түрінде балалар төртке бөлініп, ойнайды. Екі-екіден бөлінеді. Оларға жүлде беріледі. Егер асықтың екеуін құлатса, онда жүлде жартылай алынады. Ал түгелдей төрт асықты құлатып ойнаса, онда жүлдені түгел алады. Міне, асық осындай біздің балаларды ептілікке, жылдамдылыққа, мергендікке үйретеді.

Қазақ хлттық ойындарының ішінде дәстүрімізге ендеп кеткендері бар. Соның бірі – асық ату. Асық ойнау хлттық ойындарының ең алғашқы сатысы. Себебі ойын баласы ең алғаш қолына асық ұстайды. Бұл ойынның тарихы тереңде жатыр. Мал баққан елдің салт-дәстүрі де осы шаруашылыққа бейімдеген. Асық ойынына қой, арқар, құлжа сияқты жануарлардың асығы мен тайынша-торпақтың топайлары өңделіп пайдаланылады.

Ұлкендер де, балалар да ойнайды.

Ұлттық ойындардың бөрінің астарында үлкен мән бар. Асық ату баланы мергендік пен ептілікке қана емес, сабырға үйретеді. Бір жағынан психологиялық ойын. Саканы үйіру, асыққа дәлдеу, ату - бәрі жас баланы қалыптастыратын психологиялық спорт. Ойынға шыдам керек. Қырағылық қажет. Көз өлшемі мен қолдың дәлдігі - бәрі баланың қиялын дамытады. Ойды байытады.

Асық ойынының түрі көп. Әрқайсысы өзінше ерекше. Алшы, омпта, тігіп ойнау, тас қала, хан, ханталапай – бұлар жалпыласқан ойын түрі. Ал үш табан, бүгіп алу, көн, жарып алу, сыпырмай, түртпей, атан, бестас, мерген немесе шенбер жасап ату сияқты түрлері сирек ойналады. Асық табысу, бүк-шік, төрт шүкейт, шомшы, манай деген ойындар мүлде ұмыт болған. Алты табан, асық қағу, қаршу, алшы, шұбырту, ұпай ұтысу, қол жоң және ат жарыстыру, қосқар соғыстыру, мұз ойнақ, иірмекіп, қақпақыл, сасыр, аламан сияқты ойындар мал шаруашылыққа қатысты пайда болған.

Асық атудың әр өлкеде әртүрлі атауы кездеседі. Ойнау әдіс-тәсілдері де ерекше. Ойынды: үй ішілік және далалық ойын деп екіге бөлуге болады. Үй ішілік түрі қазіргі заманға икемделіп, такта ойыны деп аталса, далалық түрі алаң ойыны деп аталуда. «Асық ойнаған азар». Асықты ақылмен ойнау керек. Ойынға аса шеберлік қажет.

Жүз жасаған әжей



Астрахан облысында тұратын қазақ әжей Танзиля Бейсембиева Ресейдің рекордтар кітабына енді. 2016 жылдың 14 наурызында кейуана 120 жасқа толды. Әжейдің үш баласы, 10 немересі, 24 шөбересі және екі шөпшегі бар.



Сакан қолына сай, мергендігін бабында болса, мықты ойыншысын. Ойынға қатысты сөздік қорымызда тұрақты сөз көп. «Асығы алшысынан түсті», «Қой асығы деме, қолына жақса, сақа қыл», «Асықша үйіру», «Құралайды атқан асық атпайды» деген сияқты сөздер көп. Бұрынғылар асықты қойдың немесе аңның сүйегі деп қарамаған. Оған байланысты ежелден айтылып келе жатқан ырым-тыйым бар. «Алты жыл аш болсан да асық етін мүжіме» – деп, кішкене балаларға асық етін жегізбеген. Қасқырдың асығын өзінмен алып жүрсең, тіл көзден, бөле-жаладан аман боласың деп ырымдаған.

Асық ату ойынындағы іс-әрекеттерді физикалық құбылыстар тұрғысынан түсіндіруге болады. Асық ату мектеп физикасының механика бөлімінің материалдарымен тығыз байланысты.

Қазақ табиғатқа жақын. Ұлттық ойындардың көбін табиғаттан алған. Асық ату да дала ұландарының ермегі. Мұнда көшпенділердің дала заны: әділдік, туралық басым. Сондықтан да ойынның тәртібі қазақ даласындай көркем. Асық, жасыл жайлау, ойыншы балалар – сәні жарасқан табиғи картина сияқты.

Ұлттық ойындар қайта жаңғырып, ұлт мұрасы толығуда. Асық ойынынан жыл сайын республикалық жарыс өтеді. Мектепте арнайы пән ретінде оқытылады. Бұл қазақ өміріне сіңіп кеткен құндылықтың қайта түлеуі болса керек. Заман

жанарады, бірақ қазактың салт-дәстүрі, ұлттық ойындары ешқашан ескірмейді.



**ӘЛЕМНІҢ ӘР ТҮҚПІРІНЕ
ҰШАҚ БИЛЕТІМІЗ
ДЕМАЛУҒА МҮМКІНДІК**

TEM TOUR
TRAVEL AGENCY

air astana **TURKISH AIRLINES** **PEGASUS AIRLINES**

Lufthansa **BRITISH AIRWAYS** **KLM**

**TIPIKEU
ЖӘНЕ
ВИЗА
РӘСІМДЕУ**

**БИЛЕТ ҮЙ,
КЕҢСЕ ЖӘНЕ
ЖҰМЫС ОРНЫНА
ЖЕТКІЗІЛЕДІ**

**ЖОЛАУШЫЛАРДЫ
АВТОБУС ЖӘНЕ
VIP КӨЛІКПЕН
ТАСЫМАЛДАУ**

**ТҮРКИЯ!!!
Алдын ала брондау!!!
БҮКІЛ ЕУРОПА
(шопинг, демалыс, емделу)**

**ГОА
ОАЭ
ТАИЛАНД
КИТАЙ
МАЛАЙЗИЯ
ШРИ-ЛАНКА
ИНДОНЕЗИЯ**

**О. БАЛИ
ВЬЕТНАМ
ДОМИНИКАНА
ИЗРАИЛЬ
ЕГИПЕТ
МАЛЬДИВ
КАРИБСКИЕ О.**

Алматы қаласы және облысы бойынша автобустар мен автомобильдерді жалға алу

Алматы, Абылай хан даң. 71
Тел: 8(727) 278 02 13,
8(727) 279 37 75
Факс: 8(727) 279 37 68.
Ұялы тел: 8701 439 05 78
e-mail: info@temtour.net

**БАРЛЫҚ БАҒЫТТАРҒА
АРНАЛҒАН ӘУЕ БИЛЕТТЕРІ**

Алматы, Төле би, Мира, 111
Тел: 8(727) 278 02 13,
8(727) 279 37 75
Факс: 8(727) 279 37 68.
e-mail: info@temtour.net

Интерконтиненталь
Желтоқсан, 181
Тел: 8(727) 258 28 04
Ұялы тел: 8701 782 70 70

Астана, Республика, 5
Факс: 8(7172) 439 559
Тел: 8(7172) 439 558; 439 306
Astana@temtour.net

ЖАС ҚАЗАҚТЫҢ ТААЕРЕНСЫ Мозаика әлемі



Астана-дағы Жүніс Әміре түрік мәдениет орталығында ашылған мозаика курсы оқушы-ларының тырнақалды туындылары.



Директор – Бас редактор Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алкасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ Бас редактордың бірінші орынбасары

Төлен ТІЛЕУБАЙ Бас редактордың орынбасары – Астана қаласы өкілдігінің жетекшісі

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі

Бөлім редакторлары:

Марат МАМАНБАЙ – қоғам және әлеумет

Мақпал НОҒАЙБАЕВА – өнер және руханият

Руслан ДОСТАЕВ – арнаулы тілші

Кәмшат ТӨЛЕШОВА – теріміш

Мехмет СЕМЕРЖИ – фототілші

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байқал БАЙӘДІЛОВ – Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Шынарғұл ОНАШБАЙ – Алматы облысы (8 701 503 02 76)

Асқар АҚТІЛЕУ – Ақтөбе облысы (8 778 523 44 96)

Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ – Маңғыстау облысы (8 702 799 06 22)

Дүйсенбек АЙБЕКОВ – Жамбыл облысы (8 705 227 45 16)

Айхан БАШТАШ – Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА – Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Руслан ДОСТАЕВ

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың орынбасары
Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93-үй (Абай даңғылының қиылысы)
Телефондар: 8(727) 394-37-22; факс: 394-39-68
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 394-39-67 (жарнама бөлімінің ішкі нөмірі 108)

Газет «Дәуір» ЖШС РПНҚ (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс – №2099;
Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы – 45 000 дана

Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген.

Мақала авторының пікірі редакция қозқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana», «Etihad Air ways», «Turkish Airlines», «BIM», «QazaqAir» әуекомпанияларының ұшақтарында бар.